

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ҚАЙТА ӨНДЕУДІ ДАМЫТУ

А.М. Қазамбаева, экономика ғылымдарының кандидаты,  
Н.Н. Хасенова, магистрант

Жәнгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

*Мағалада Қазақстан Республикасы мен Батыс Қазақстан облысында ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өндеу жағдайы мен проблемалары қарастырылға және оларды жетілдіру жолдары ұсынылаған.*

*В статье рассматриваются состояние и проблемы переработки сельскохозяйственных производств в Республике Казахстан и Западно-Казахстанской области и предложены пути его совершенствования.*

*The condition and problems of agricultural production processing in the Republic of Kazakhstan and West Kazakhstan region is considered in the article and the ways of its perfection are offered.*

Қазақстан Республикасы тек минералдық ресурстардың бар болуынан ғана емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығын жүргізуге жарамды жерлеріне байланысты экономиканың қарқынды дамуы үшін үлкен әлеуетке ие. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері осы салада терең құрылымдық өзгерістер болды: ауыл шаруашылығын жүргізуін әкімшілік-командалық жүйесі жойылды; колхоздар мен совхоздар жойылып, олардың орнына қазіргі уақытта шаруа қожалықтары, фермерлік, өндірістік-кооперативтік шаруашылықтар, акционерлік қоғамдар жақсы жұмыс істеуде. Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында ауыл шаруашылығы мен өндеуші өнеркәсіптің дамуы басым бағыттар ретінде көрсетілген.

Бәсекеге қабілеттілік табыс тамыры болып табылады, ал табыс – бұл ауылдағы кедейшілікті тоқтатын жалғыз сенімді жол.

Ішкі нарықтың шектеулі сыйымдылығы, қайта өнделген ауыл шаруашылығы өнімінің төмен деңгейі, импортерлер (демпинг және субсидияланған экспорт) тарапынан ықылассыз бәсекелестік және отандық өнімнің ішкі нарықтан ығыстырылуы, әлеуетті әлемдік азық-түлік нарығына тиімді көлік жолдарының болмауы АӨК салаларының отандық өнімінің бәсеке басымдықтарын дамытудың мемлекеттік саясатын өндіру бойынша міндеттерді қояды.

Осыған сәйкес, сыртқырынокта салыстырмалы бесеке басымдылығы бар тауарлар өндірісін дамыту қажет.

Мемлекеттің экономикалық саясатының мәні осы мүмкіндіктерді актуализациялаумен, АӨК-нің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша нақты шаралар жүйесінде оларды жүзеге асыру механизмін құрумен және тұрақты экономикалық өсуге ауысумен байланысты.

Жыл сайын Республикадағы ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өндеу көлемі өсіп келеді. 2003 жылмен салыстырғанда 2007 жылы өндірілген ауыл шаруашылық шикізаттарының жалпы көлеміндегі қайта өндеу үлесі артты: сүт- 18,1%-дан 29% дейін, ет- 14,6%-дан 27,8% дейін, бидай өнімдері- 20,5%-дан 43% дейін, майлы өсімдіктер- 55%-дан 99% дейін, жемістер мен көкөністерді қайта өндеу үлесінің артуына қарамастан ол бұрынғы калпында қалып отыр.

2007 жылдың 11 айында 2006 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда қайта өндеуші кәсіпорындарда өнім өндірісін талдау нәтижесінде өнімнің көптеген түрі бойынша өндіріс көлемі артқан. Ағымдағы жылдың 11 айында қайта өндеуші кәсіпорындар 508,7 млрд. теңгеге өнім өндірген, бұл 2006 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,3%-ға артық.

2007 жылдың 11 айында 2006 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шұжық өнімдерінің өндірісі 17,4%-ға, ет және сүт консервілері 47%-ға, өнделген сүт 21%-ға, май 17,9%-ға, қоюolandырылған тәтті сүт 17%-ға, қышқыл сүт өнімдері 5,2%-ға, ұн 13,3%-ға, ұнтактар 27%-ға, өнделген күріш 18%-ға, өсімдік майы 3,2%-ға, макарон өнімдері 14%-ға, маргарин 8,4%-ға өскен.

2006 жылдың 11 айымен салыстырғанда ақ қант өндірісі 25,3%-ға, жеміс консервілері 8,9%, көкөніс консервілері 20%, томат консервілері 16,7%-ға, құрғақ сүт 6,5%-ға, ірімшік пен сүзбе өндірісі 3,3%-ға төмендеген.

Сонымен катар Батыс Қазақстан облысында да ауыл шаруашылық өндірісі тұрақтанып, дамып келеді. Жалпы Батыс Қазақстан облысы бидай, арпа, қара бидай, тары, сиыр еті, қой еті, жылқы еті өндірісіне мамандандырылған. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі құрылымында 2003-2004 жылдары дәнді дақылдар – 32,5%-ды алады, ет үлесіне – 31,4%, сүт – 16,7% тиесілі.

Ұн саласында 48 кәсіпорын жұмыс жасайды, олармен: ұн, манный жармасы, макарон бүйімдары өндіріледі. Барлық өндірілген ұн көлемінің 74%-ы Желаев нан өнімдері комбинатында өндіріледі. Мал азығы өндірісімен Ақсай нан өнімдері комбинаты айналысады.

Казіргі уақытта ұн өндірісі көлемі облыс тұрғындарының нан және нан өнімдеріне сұранысын толықтай қамтамасыз етеді, құрама жем өндірісі төмен сұраныспен тежелуде.

Облыста сүтті қайта өндеумен айналысатын «Береке» БҚОСК ААҚ және «Ақсай тағамдары» АҚ бар. Зеленов ауданының «Асан» агроФирмасында, Бөрлі ауданының «Жарсуат» ЖШС-да, Тасқала ауданының «Өсімтал» ш/қ-да, Теректі ауданының «Ақас» ш/қ-да қуаттылығы аз сүтті қайта өндеу цехтары бар.

Сүт өнімдерінің негізгі көлемі (90%) «Береке» сүт комбинатында шығарылады. Негізгі пайдаланылып жүрген жабдықтар физикалық және моралдық жағынан көнерген, кәсіпорындарда өндірістік қуаттың 30% пайдаланылады. Кәсіпорындардың сүт өнімдері бағасының жоғарылығына байланысты, импортты өнімдермен бәсекелесе алмайды. Көбінесе азық-түлік нарықтарында ресей өндірушілерінің Лианозовский сүт комбинаты (Москва қаласы), «Самаралакто», Новотроицкий сүт комбинаты, Шадринский сүт комбинаты және басқа өндірушілердің өнімдері басым болады. Сүт өнімдерінің өзіне меншікті өндірісі қыскаруда. 2004 жылы 2003 жылмен салыстырғанда сары май өндіру 51%-ға, қаймағы алынбағын сүт өнімдері 14%-ға, басқа сүт өнімдері - 13% қыскартылды.

Бағдарлама шаралары аясында казіргі заманғы сактау және сүтті қайта өндеу технологияларын енгізу жөнінде сүт өнеркәсібі мекемелерінің қатарында өндірістік қуатын техникалық қайта жабдықтау және қайта жаңарту жүргізу көзделінуде.

«Береке» ААҚ-на құрамында бифидофлоры жоғары қышқыл сүт өнімдерін, ұзак сактау мерзімді қаймағы алынбағын сүт өнімдерін, хош иісті толтырғыштар дәмімен қаймағы алынбағын сүт өнімдерін, қазіргі заманғы үлгідегі тұтынушыға қолайлы шағын ораудағы сүт өнімдерін, ірімшіктердің жаңа түрлерін шығару жөніндегі технологиялық желілерді лизингіге сатып алу. Кәсіпорындардың жалпы өндірістік қуаты бір сменада 150 тоннадан 170-200 тоннаға дейін өседі. Жобаны жүзеге асыру барысында 2008 жылы сүт көлемі – 38,5%-ға, сары май – 41,7%-ға, сары ірімшік пен сүзбе – 35,4% -ға, балмұздак - 7,2 % өседі.

«Ақсай тағамдары» АҚ-на өндірісті кеңейту және толық жабдықтау үшін «Тетрапак» кешені желісіндегі заарсыздандырылған сүт өнімдері өндірісін ұйымдастыру жоспарлануда. Желіні қондыру сүт өнімдерінің сақтау мерзімін ұзартуға және өткізуге мүмкіндік береді.

Етті қайта өндеумен 5 орта және шағын кәсіпорындар айналысады, оларға: Орал қаласында орналасқан «Береке» БҚОСК ААҚ, «Күблей» ЖШС, «Жайық-Ет» ЕҚҚ ЖШС, «Ғабдолов» ЖҚ, «Ибрагим» ЖШС және 17 шағын цехтары жатады. Аудандарда малды қайта өндеу және ет өнімдерін өндіру бойынша қуаты үлкен емес цехтар бар.

2004 жылға ет және тағамдық субөнімдері өндірісі 1805 тоннаны құрады немесе 2003 жылдан 4%-ға көп, шұжық бұйымдары 692 тонна (10,9%-ға көп) өндірілді, ет консервілерін өндіру 11,9%-ға еости.

Шұжық бұйымдарына сұраныс 1,4 мың тоннаны құрайды, өз өндірісі есебінен 50%-ы қамтамасыз етіледі. Облысқа шұжық бұйымдарының елеулі көлемі Пенза және Саратов ет комбинаттарынан тасымалданады.

Қазіргі уақытта еттің негізгі көлемі (86%) шаруа және тұрғындардың жеке қосалқы шаруашылықтарында малды аулада сою жағдайында өндіріледі, бұндай жағдайда шикізаттың терең қайта өнделуінің жетіспеуі оның айтартылтай жоғалуына алып келеді. Эндокринды –ферментті шикізат, сүйек, тері, ішек және басқалары пайдаланылмайды.

«Швейник» ЖШС киіз аяқ киім, техникалық және былғары бұйымдарының байпағы өндірісін елеулі (2 есе) ұлғайтуды қарастыруда, бұл кәсіпорынның өндірістік қуатын арттыруға, бәсекеге қабілеттілігін көтеруге, әлеуетті тұтынушылар санын ұлғайтуда мүмкіндік береді.

«Бекарыс» ЖШС былғары бұйымдарын, жұмыс аяқ киімдерін (1,5 есе) шығаруды, оны сатып алу мен шикізатты қайта өндеу, «Вет-блю» былғарысының жартылай фабрикаты экспортымен, дайын өнімді жергілікті жерде сату жолымен ұлғайтуды жоспарлауда.

«Аист» ЖШС жоғары сұраныс болжаланып отырған, жоғары сапалы үлбір бұйымдарының өндірісін 4,5%-ға ұлғайтуды қарастыруда. .

«Надежда» ЖШС ескірген жабдықтарды қазіргі заманғы жабдықтарға ауыстыруды жоспарлауда, бұл жүннен жасалатын өнімдерді – сырлыған көрпелер мен жоғары сапалы түйе жүннен жасалған бұйымдарды (3,5 есеге) шығаруды ұлғайтуда мүмкіндік береді.

Қайта өндеу өнеркәсібі кәсіпорындарының техникалық мүмкіндігін жетілдіру бойынша облыста бағдарлама шараларын жүзеге асыру нәтижесінде қайта өндеу өнімдері өндірісін төмендегідей көлемде өсіруді қамтамасыз ету болжануда.

**Кесте - 2006-2010 жылдарда табиғи мөлшердегі қайта өндеу өнімдері өндірісі**

	Өлшем бірлігі	2004ж есеп	2005 ж бағалау	бағжам					2010 жылы 2004жылға % - бен
				2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	
<b>Ірі кара мал, шошка, кой, еңкі, жылқы, түйе еті</b>	тонна	1631	1720	1850	2010	2200	2400	2600	159,4
<b>Үй құсы еті</b>	тонна	174	190	210	240	285	335	400	229,9
<b>Ет консервілері</b>	тонна	642	706	840	1010	1230	1500	1840	286,6
<b>Шұжық бұйымдары</b>	тонна	692	720	790	880	1010	1160	1335	192,9
<b>Дайындалған және консервленген балық</b>	тонна	1842	1950	2090	2300	2580	2890	3237	175,7
<b>Оңделген сыйық сүт және қаймақ</b>	тонна	3077	3250	3560	3950	4500	5175	5977	194,2
<b>Сары май</b>	тонна	172	180	195	220	255	295	342	198,8
<b>Басқа сүт өнімдері</b>	тонна	2016	2076	2139	2216	2282	2350	2420	120,0
<b>Балмұздак</b>	тонна	455	473	483	497	507	517	528	116,0
<b>Ірімшік пен сұзбе</b>	тонн	599	635	696	770	860	963	1078	180,0
<b>ұн және жарма</b>	мың тонна	83,7	88,7	97,0	109	129	154	185	221,0
<b>Жана піскен нан</b>	тонна	7184	7256	7416	7720	8180	8670	9190	127,9
<b>Макарондар және ұксас ұн бұйымдары</b>	тонна	1165	1215	1290	1380	1490	1614	1751	150,3
<b>Кұрама жем</b>	тонна	1427	1459,8	1518	1563	1604	1650	1700	119,1

Тамақ өнеркәсібін дамыту және ауыл шаруашылығы шикізаттарын қайта өндеу өнімдерінің бәсекекабілеттілігін арттыру мақсатында өндеуші кәсіпорындарға олардың айналым құралдарын толықтыру үшін екінші деңгейлі банктермен берілетін несиelerдің банктік сыйакы мөлшерлемелерін субсидиялау бойынша бюджеттік бағдарлама жүзеге асырылада, бұл 2007 жылы республиканың ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндеу мен тамақ өнеркәсібінің 140 кәсіпорнына 16366,9 млн.тенгеге банк несиelerін алуға мүмкіндік берді.

Ауыл шаруашылығы шикізаттарын қайта өндеуді жетілдіру үшін төмендегідей шаралар жүзеге асырылуы тиіс деп ойлаймыз:

- отандық тауар өндірушілерге ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және оны қайта өндеу саласындағы қазіргі заманғы технологиялармен танысуға, Қазақстандағы, жақын шетел елдеріндегі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өндеуді үйімдастырудың алдыңғы қатарлы тәжірибелерімен алмасуға мүмкіндік беру;

- ауыл шаруашылығы өндірушілері мен ауыл шаруашылығы шикізаттарын қайта өндеушілердің, ауыл шаруашылық техникалары мен елдің ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына жетуді қамтамасыз ететін басқа да өнімдер өндірушілері мен жабдықтаушыларының әріптестігін нығайту үшін өзара тиімді сауда және экономикалық, шығармашылық байланыстарды орнату;

- азық-түлік пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішкі және сыртқы нарықтарын талдау, қазақстандық өнімдерді өткізуудің потенциалды нарығын қалыптастыру, республиканың азық-түлік пен ауыл шаруашылығы шикізаттарының сыртқы нарықтарына шығуы мен орнығуына ықпал ететін және кедергі келтіретін негізгі факторларды анықтау;

- ауылды қолдау бағдарламасын, аграрлық азық-түлік бағдарламасын және ауыл шаруашылығына арналған жерлерді жеке меншік институттарын енгізу

бағдарламаларын жүзеге асыру шенберінде республиканың аграрлық секторын қолдаудың мемлекеттік механизмінің тиімділігін бағалау.

УДК: 332: 005.21 (574)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ АЙМАҚТЫҚ ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ

Г.А. Карекесова, магистрант

Жәнгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

*Нарықтық қатынастар аясында аймақтық экономиканы басқару өзекті мәселелердің біріне айналған. Бұл мақалада республика аймақтарының қазіргі даму жағдайына, индустриалдық-инновациялық стратегияның аймақтарда жүзеге асу барысына талдау жасалынған.*

*В сфере рыночных отношений управление региональной экономикой является основной проблемой. В данной статье рассмотрены развитие регионов республики и реализация индустриально-инновационной стратегии в регионах.*

*In the sphere of market relations, management of regional economy is the basic problem. The development of the republic regions and realization of industrial-innovative strategy in regions is considered in this article.*

Нарықтық қатынастар аясының көнеюі, экономиканы басқару жүйесінде соңғы уақытта жүргізіліп жатқан өзгерістер аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жүйедегі орны мен рөліне айтарлықтай ықпалын тигізді. Осыған орай аймақ экономикасын басқару, олардың дамуын мемлекет тарапынан реттеу мәселелері өзекті бола түсірі сөзсіз.

Республикамыздың әрбір аймағы еліміздің шаруашылық кешенінде белгілі бір орынды ала отырып, осыған қоса басқа аймақтармен бүтіндей экономикалық бірлікті құрайды. Сондай-ақ әр аймақтың өзіндік табиғи ресурстары, оларды орналастырудың ерекшеліктері, экономикалық даму деңгейі, өзіндік шаруашылық құрылымы бар. Соған байланысты аймақтық саясат қалыптастырылып, жүзеге асырылады. Аймақтық саясатты жүзеге асыруда мемлекеттік басқару мәселесі ерекше маңызға ие болары ақиқат. Бұкіл әлемде мемлекеттік басқару тиімділігін көтеру міндеті үлкен мәнге ие болуда [2].

«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аймақтық даму стратегиясы» мемлекет тарапына жобаланған елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзак мерзімді жоспары. Мемлекеттік стратегияның максаты – шикізат тарапынан біртіндеп арылуға ықпал ететін экономика салаларын әр тараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу, ұзак мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау болып табылады. Мұндай стратегияның қабылдануына әлемдегі экономикалық даму қарқыны негіз болып отыр. Халықаралық валюта коры, Дүниежүзілік банк, трансұлттық корпорациялар сияқты институттардың осыған дейін де әлемдік экономикада билік жүргізіп келуі дамушы елдерге инновациялық игіліктерді игеруге тұртқі болуда.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанға дейінгі аймақтық дамуы бірынғай халық шаруашылық кешені шегінде анықталды. Нарықтық экономика дамуы жағдайында экономикалық потенциалды дамыту және орналастыру мәселелерінің нарықтық механизмдермен анықталады. Сонымен катар мемлекеттің тұрақты